



Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының
төрағасы Ж.Қ.Асановқа

Атырау облыстық қорғаушылар алқасының
мүшесі адвокат Н.Б.Әбуовадан
Атырау қаласы, Вокзал маңы

Құрметті Жақып Қажманұлы!

12 қазан 2018 жылғы Атырау облыстық сотының қаулысымен Атырау қаласының мамандандырылған әкімшілік сотының 2018 жылғы 05 қыркүйектегі Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының кодексінің 610-бабының 2-бөлігінде көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы ісі бойынша іс жүргізуді тоқтату жөніндегі бірінші сатыдағы сотының қаулысының күші жойылып, іс бойынша жаңа қаулы шығарылды.

Менің қорғауымдағы жәбірленуші Б.А.Ақбаевтың шағымы қанағаттандырылды.

Жәбірленуші Б.А.Ақбаевтың шағымы Атырау облыстық сотының судьясы Ергазиев М.М. өндірісінде 10,12 қазан 2018 жылы қаралды.

Судья Ергазиев М.М. сот талқылауын мұқият және жоғары кәсібилік деңгейде жүргізді.

Әкімшілік іс бойынша объективті түрде сот тергеуі жүргізіліп, әкімшілік құқық бұзушылықтың барлық жағдайларын дұрыс және нақты бағалау, жан жақты тексеру, сондай-ақ сот отырысының нақты ұйымдастырғаны үшін судья М.М.Ергазиевке алғысымды білдіре отырып, алда келе жатырған Тұңғыш Президент күнімен және Тәуелсіз мерекесі күнімен мараптауыңызды сұраймын.

Сонымен қатар осы алғысымды білдіре отырып, Атырау облыстық сотының судьясы Ергазиев Матен Мухтаровичке қызметте жеміс, отбасына бақыт, деніне саулық тілеймін.

Атырау облыстық қорғаушылар алқасының
мүшесі адвокат

Н.Б.Әбуова

12 қараша 2018 жылы

